



## БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу - әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

**Б.Х. Абдикерова**

« 05 » 09 2024 ж.

## Облыстық «2024 жылдың үздік әдіскері» байқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже облыстық «2022 жылдың үздік әдіскері» байқауын (бұдан әрі - Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушылар: Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - ҚО ББД ОӘО).

1.3. Байқау білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіруге және облыс әдіскерлерінің кәсіби-тұлғалық дамуын ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге бағытталған.

### 2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты - Қарағанды облысының инновациялық дамуын қамтамасыз ету, әдістемелік қызметінің сапасы мен мәртебесін арттыру.

Міндеттері:

- білім беруді әдістемелік қамтамасыз ету саласындағы жетістіктерді өзектендіру;
- әдіскерлердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін дамытуға бағытталған әдістемелік сүйемелдеу идеяларын, тәсілдерін және технологияларын танымал ету;
- озық әдістемелік тәжірибені анықтау және қолдау, жалпылау және тарату;
- Облыстың білім беру ұйымдарының педагогтері үшін үздік әдістемелік әзірлемелер банкіні толықтыру;
- әдіскерлердің кәсіби өсуін ынталандыру.

### 3. Байқаудың қатысушылары

3.1. Байқауға қатысуға оқу-әдістемелік орталықтарының, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдістемелік қызметтерінің әдіскерлері шақырылады.

3.2. Әдістемелік жұмыс өтілі мен қатысушылардың жасы шектелмеген.

3.3. Байқауға қатысу авторлардың байқау материалдарын Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу - әдістемелік орталығының интернет-ресурстарында орналастыруға және жариялауға келісімін білдіреді.

#### **4. Байқаудың Ұйымдастыру комитеті және сараптау кеңесі**

4.1. Байқауды дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті деп аталады) жүзеге асырады.

4.2. Байқау материалдарын сараптау үшін сараптамалық кеңес құрылады. Сараптамалық кеңестің құрамы Қарағанды облысының білім басқармасының, ҚО ОӘО, ПШО Қарағанды қаласындағы филиалының, «Өрлеу» БАҰО» АҚ мамандарынан құралады.

4.3. Ұйымдастыру комитеті Байқауды дайындау және өткізу кезеңінде құрылады.

Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Байқауды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүргізеді;

2) Байқауға қатысушыларды тіркейді, өтінімдерді қабылдауды және Байқау материалдарын жинауды жүзеге асырады;

3) Байқау материалдарын осы Ереженің талаптарына сәйкестігін тексереді;

4) сараптамалық кеңестің қызметін қалыптастыруға және ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

5) Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді;

6) Байқауға ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

#### **5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

5.1. Байқау **2024 жылғы 16 қыркүйектен 1 қарашаға дейін** екі кезеңде өткізіледі: іріктеу және облыстық.

5.2. Байқаудың бірінші кезеңінің қатысушылары мерзімі 2024 жылғы 30 қыркүйегінде (қоса алғанда) дейін «Жыл әдіскері» белгісімен [umckrg.gov.kz](mailto:info@umckrg.gov.kz) электрондық поштаға келесі материалдарды жіберуі қажет:

1) pdf форматында қатысуға өтінім (1-қосымша);

2) Word форматындағы Байқау жұмысының қысқаша аңдатпасы (бос орындары бар 2000 белгіден артық емес);

3) талаптарға сәйкес ресімделген, pdf форматында Байқау жұмысы (білім беру бағдарламалары, әдістемелік ұсынымдар, жұмыс бағдарламалары, элективті курстар бағдарламалары, вебинарлар материалдары, презентациялар, оқу құралдары және т.б.), бейнематериалдарды (2-қосымша) қамтиды.

5.3. **2 кезең.** Іріктеу кезеңінен өткен қатысушылар қатысады.

**Облыстық кезең «Әдістемелік шеберлік» (бетпе – бет) – 2024 ж. 1 қарашасында өтеді,** ол үш байқау тапсырмаларынан тұрады:

**Тапсырма 1. «Даңқ минуты»** - Байқауға қатысушылардың шығармашылық әлеуетін көрсету (регламент 3 минут);

**Тапсырма 2.** «Ашық микрофон» шығармашылық тапсырма. Қатысушылардың сөз сөйлеу тақырыбын Ұйымдастыру комитеті анықтайды (регламент 3 минут).

**Тапсырма 3.** Авторлық әзірлеменің тұсаукесері (регламент 5 минут).

5.4. Байқауға қазақ, орыс тілдеріндегі жұмыстар қабылданады.

5.5. Байқауға соңғы 3 жылда әзірленген материалдар қабылданады.

5.6. Байқауға қатысуға жұмыстар жіберілмейді:

- Байқау тақырыбына және безендіру талаптарына сәйкес келмейтін;
- өткен және ағымдағы жылдары өткізілген басқа да Байқау іс-шараларында жүлделі орындарға ие болғандар;
- плагиат белгілері бар (40% - дан астам).

## **6. Қорытынды шығару тәртібі**

6.1. Қорытынды хаттамамен ресімделген сараптамалық кеңестің қорытындысы Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау үшін негіз болып табылады.

6.2. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қарағанды облысының білім басқармасының дипломдарымен марапатталады.

6.3. Байқау қатысушылары электронды сертификаттар алады.

6.4. Ұйымдастыру комитеті Байқау қорытындысы бойынша арнайы номинациялар мен жүлделер тағайындауға құқылы.

Облыстық «Үздік жыл әдіскері» байқауына қатысуға өтінім

Жұмыс орны (толық)	
Қатысушының аты-жөні (толық)	
Қатысушының лауазымы	
Осы лауазымда жұмыс өтілімі	
Ұсылынатын жұмыстың атауы	
Қатысушының e-mail	
Қатысушының байланыс телефоны (вацап)	

Басшы

(қолы)

М.О.

## Байқау жұмысының құрылымына қойылатын талаптар

1. Титул парағы, оның ішінде:
  - ұйымның атауы;
  - жұмыстың атауы;
  - әдістемелік жұмыстың түрі (оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсынымдар, жұмыс бағдарламалары, элективті курстар бағдарламалары, вебинарлар материалдары, презентациялар, оқу құралдары және т.б., осы басылым не үшін арналғанын көрсете отырып);
  - баспа орны мен жылы.
2. Титул парағының арты, оның ішінде:
  - әдістемелік өнімнің библиографиялық сипаттамасы (авторлар немесе құрастырушылар, басылымның толық атауы, түрі, орны, жылы және беттерінің саны);
  - әдістемелік өнімнің аңдатпасы (бос орындары бар 2000 белгіден артық емес, әдістемелік өнімнің қандай мәселеге арналғаны, оны құру мақсаты, қандай мәселелерді ашатыны, кімге бағытталғаны көрсетіледі);
  - материалдың авторы/ құрастырушысы (ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы, ТАӘ көрсетіледі);
  - жұмыстың рецензенттері (ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы, ТАӘ көрсетіледі).
3. Кіріспе (түсініктеме хат), оның ішінде:
  - әдістемелік өнімнің мақсаты мен нақты міндеттері;
  - өзектілікке негіздеме;
  - әдістемелік материалдарды әзірлеудің негізі ретінде алынған ең маңызды ережелерді немесе педагогикалық идеяны негіздеу;
  - мазмұнды іріктеу қағидаттарының негіздемесі, оны құрылымдау қағидаттары, материалдармен жұмыс сипаттамасы;
  - болжамды нәтиже (осы материалдармен жұмыс істеу кезінде қандай нәтижелерге қол жеткізу болжанып отыр; пайдаланудың күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптардың анықтығы).
4. Негізгі бөлім (әдістемелік материалдың мазмұны, әдістемелік/дидактикалық аппарат).
5. Әдебиеттер тізімі (әліпбилік ретпен).
6. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.
7. Мазмұны (тақырыбы).
8. Тезаурус (қажет болса).
9. Қосымша (жадынамалар, кестелер, графиктер, суреттер, фотосуреттер, сабақ жоспар-конспекттері және т.б.).

## **Презентация мен бейнероликке қойылатын талаптар**

1. PowerPoint презентациясы форматында титулдық слайдты және дереккөздер мен әдебиеттер тізімін қоса алғанда, 10 слайдтан артық емес ресімделеді.

2. Бейнероликті ресімдеудің техникалық жағына қойылатын талаптар:

Бейнеролик mp4 форматында ұсынылуы тиіс. Басқа форматтағы жұмыстар қарауға қабылданбайды. Бейнематериалдардың хронометражы-3 минуттан аспайды (оқу сабағы немесе оның фрагменті - 10 минуттан аспайды). Бейнеролик 200 Мб аспауы тиіс.

Бейнероликте міндетті түрде титулдық бет (заставка) болуы тиіс, онда Байқаудың атауы, жұмыстың тақырыбы, автор туралы мәліметтер (тегі, аты, (толық), ұйымның атауы, жұмыс авторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы (толық), елді мекені, жұмыстың орындалған жылы) көрсетілуі қажет.